

**8D082 «Мал шаруашылығы» даярлау бағыты 8D08201 «Жануарлар туралы ғылым»
білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін
алуға Исмайлова Айнур Жаркыновнаның «Сүтті сиырлардың ас қорытуы мен сүт
түзуіне көптүзды минералдық қосындылардың әсері» тақырыбындағы докторлық
диссертациясына
Ресми рецензенттің пікірі**

| р/н № | Өлшем шарттар | Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу) | Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету) |
|-------|--|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | <p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған</p> <p>3) диссертация ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді.</p> | <p>Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылған МҚБ BR10764965 «Қазақстанның әр түрлі табиғи-климаттық аймақтары үшін бейімделген ресурс-энергияны үнемдейтін және цифрлық технологияларды қолдану негізінде сүтті ірі қара мал шаруашылығында күтіп-бағу, азықтандыру, өсіру және көбейту технологияларын жасау» бағдарламасы аясында орындалған.</p> |
| 2. | Ғылым үшін маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады / қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған / ашылмаған. | <p>Биохимиялық аймақтағы мал азықтандыруының минералды-дәрумендік коректілігін арттыру - ғылыми-теориялық және өндірістік маңыздылығы жоғары мәселе болып табылады.</p> <p>Диссертацияда жергілікті табиғи-шаруашылық жағдайында көптүзды қосындының сүтті сиырлардың месқарын метаболизмі мен ас қорытуына және сүт түзуі мен ұрық дамуына әсері жан жақты зерттеліп, толық ашылып келтірілген.</p> |
| 3. | Өзі жазу принципі | <p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p> | <p>Барлық диссертация материалдарының ізденушінің тікелей қатысуымен апробациялануы (баяндалып жариялануы), әр зерттеу қорытындысының ғылыми интерпретациялануы өзі жазу принципінің жоғары сақталғанын көрсетеді.</p> |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: | Диссертация өзектілігінің негіздемесі - сүтті сиырлар |

| | | | |
|----|----------------------------|--|---|
| | | <p>1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.</p> | <p>азықтандыруында жетіспейтін минералдық элементтер мен дәрумендерді арнайы дайындалып патенттелген көптүзды премикс қосудың сүтті сиырлар ас қорытуын жақсартып, өнімділігін арттыратын ғылыми-практикалық маңызы бар өзекті мәселе екенін негіздеген.</p> |
| | | <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.</p> | <p>Диссертацияның кіріспе, әдебиет шолуы, жадығаты мен әдістемесі, зерттеулер нәтижелері мен қорытындылардан құралған мазмұны, диссертация тақырыбына сәйкес жазылған, оны толық айқындайды.</p> |
| | | <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p> | <p>Сәйкес келеді. Диссертация зерттеулерінің қойылған мақсаты тақырыптың түпкі нысанын айғақтап, оған қол жеткізудегі жолдары нақты міндеттерімен келтірілген.</p> |
| | | <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p> | <p>Толық байланысқан. Диссертация бөлімдері мен ережелері мал азықтандыру ғылымының физиологиялық және биохимиялық қағидалары мен ережелерінің логикалық заңдылықтары мен байланыстарын сақтай отырып келтірілген.</p> |
| | | <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p> | <p>Сыни талдау бар. Сүтті сиырлар азықтандыруда көптүзды қосындыны қолдану жөніндегі автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) күйісті мал месқарын метаболизмі мен азық қоректік заттарының өнімге конверсиялану дәрежесімен дәлелденіп, бұрыннан қолданыстағы белгілі шешімдермен сыни талдаумен салыстырылып бағаланған.</p> |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> | <p>Толығымен жаңа. Диссертация зерттеулерінің ғылыми нәтижелері мен ережелерінің жаңалығы, физиологиялық және биохимиялық тұрғыдан сүтті сиырлар азықтандыруында апробацияланып ұсынылған</p> |

| | | | |
|----|--------------------------------------|---|--|
| | | | цеолитті-хлореллалы премикстің Еуразиялық Патентпен расталуымен айғақталады. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Сүтті сиырлар азықтандыруында қолданыстағы минералдық-дәрумендік қосындылар мен салыстырғанда, жергілікті цеолиттер негізінде дайындалып, дәрумендердің қол жетімді көзімен байытылған көп тұзды қосындыны тәжірибемен өндірісте қолдану нәтижелерінің қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Ішінара жаңа 55-75% жаңа; Жергілікті цеолиттер негізінде дәрумендермен байытылып дайындалған көп тұзды цеолитті-хлореллалы премикс қосындысының сүтті сиырлар азықтандыруында қолданудың техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдері негізінен (55-75%) жаңа болып табылады. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде негізделген / негізделмеген (qualitative research өнер және гуманитарлық ғылымдар даярлық бағыттары үшін). | Диссертация зерттеулерінің ғылыми нәтижелері мен негізгі қорытындылары мал азықтандыру ғылымы мен биогеохимия ілімі тұрғысынан жан жақты және түбегейлі талданып, аймақтық табиғи-шаруашылық жағдайында өндіріске қолданулары ауқымды дәлелдемелерде негізделген . |
| 7. | Қорғауға шығарылған ережелер негізгі | Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? | Диссертацияның қорғауға шығарылған негізгі ережелері дәлелденген . Жоқ. Ережелер тривиалды емес , әр қайсысының өзіндік ғылыми жаңашылдығы бар. |

| | | | |
|----|---|--|---|
| | | <p>1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> | <p>Ия. Ізденушінің Шығыс Қазақстан аймағында алғашқы болып жергілікті цеолиттер негізіндегі көптұзды қосындыны сүтті сиырлар азықтандыруының минералды-дәрумендік қоректілігін арттыруға қолданудың ғылыми жаңалығы Еуразия патент бюросының 31.10.2022 ж. № 041496 Патентімен расталған.</p> <p>Кең. Республикалық және халықаралық конференцияларда баяндалып, отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланған диссертация нәтижелері қорытындыланып, өндіріске нақты ұсыныстар жасалған.</p> <p>Иә. Диссертация зерттеулері мен нәтижелері жарияланған мақалаларда ғылыми тұрғыдан негізделіп дәлелденген.</p> |
| 8. | Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | <p>8.1 Әдіснаманы таңдау негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.</p> | <p>Ия. Диссертация зерттеулерінің әдіснамасы дұрыс таңдалып, негізделген. Ғылыми-шаруашылық және физиологиялық тәжірибелер аналогты топтар әдістемесімен жүргізілген. Тұқымы, жасы, салмағы, ахуалы мен өнімділігі сәйкес сиыр бастары аналогты тәжірибелік топтарға бөлініп, азықтандыруында тек зерттелетін фактор бойынша айырмашылық болған. Бұл олардың ас қорытуы мен өнім түзуіндегі өзгерісті сол алиментарлық фактор әсеріне жатқызуға негіз берген.</p> <p>Иә. Диссертация зерттеулерінің деректері Windows XP жүйесі INTEL PENTIUM IV, Excel бағдарламасымен статистикалық өңделіп, Р-Студент критерийлері шектеу деңгейлерімен расталады. Зерттеу нәтижелері заманауи әдістермен талданып, интерпретацияланған.</p> |

| | | | |
|-----|--|--|--|
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия ; 2) жоқ. | Иә. Диссертация зерттеулерінің теориялық қорытындылары ғылыми-шаруашылық тәжірибе деректерімен дәлелденіп, өндірісте қолдану моделдері ұсынылған. Олардың өзара байланыс заңдылықтары тиісті регрессиялық теңеулермен есептеліп шығарылған. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған. | Диссертацияда келтірілген маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді отандық және шетелдік ғылыми әдебиетке сілтемелермен расталған . |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті / жеткіліксіз. | Әдебиет шолуында жеткілікті отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттер тізімі келтірілген. |
| 9 | Практикалық құндылық қағидаты | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар ; 2) жоқ. | Бар. Диссертация деректері мен қорытындылары мал азықтандыру ғылымының теориясын байытады. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия ; 2) жоқ. | Ия. Диссертация қорытындылары мен ғылыми негізделген нақты ұсыныстарын сүт өндіру шаруашылықтарында қолданудың практикалық маңызы жоғары. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Диссертация зерттеулерінің регрессия теңеулерімен негізделген өндіріске ұсыныстары толығымен жаңа . |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. | Диссертация мәтіні мен мазмұнының, жарияланған мақалалардың академиялық жазу сапасы жоғары . |
| 11. | Диссертацияға ескертулер | Диссертациялық жұмыс талаптарға сәйкес орындалған. Құрылымы, мазмұны мен мәтіні сапалы жазылған. | |
| 12. | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер | Диссертация зерттеулерінің нәтижелері 4 ғылыми-практикалық конференциялар жинағында, 1 Scopus базасы және 4 ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК басылымдарында толық және жоғары ғылыми деңгейінде жарияланған. Мақалаларда ұсынылған көптүзді дәруменді қосындының сауын және суалтылған буаз сиыр месқарын метобализмі мен ас қорытуына, азық қоректік заттарының өнімге конверсиялану параметрлерімен байланыстары физиологиялық және биохимиялық тұрғыдан қарастырылып, баяндалған. Зерттеулер | |

| | | |
|-----|--|--|
| | докторанттың тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді) | нәтижелері ғылыми жаңалық ретінде Евразиялық патент бюросының Патентімен расталып, өндіріске ұсыныстарының регрессиялық теңеулері берілген. |
| 13. | Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес) | Исмайлова Айнура Жаркыновнаның «8D08201 – Жануарлар туралы ғылым» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Сүтті сиырлардың ас қорытуы мен сүт түзуіне көптұзды минералдық қосындылардың әсері» атты диссертациялық жұмысын автордың өзі орындаған, толық аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысы деп санаймын, ал оның авторын 8D08201 – «Жануарлар туралы ғылым» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін тағайындауға лайық деп санаймын. |

Ресми рецензент,
«Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ,
Ғылыми-зерттеу институттары мен тәжірибе шаруашылығы
қызметін үйлестіру орталығының жетекшісі,
ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
қауымдасқан профессор

М. Б. Калмагамбетов

РАСТАЙМЫН
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ғылыми кеңесінің мүшесі

« 22 05 25 »